



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

направленные на создание мотиваторов для школьников. Такое обучение не предусматривает изучения строго определенных знаний. Школьники моделируют различные сценарии будущего с помощью цифрового пространства и придумывают, какой вклад они могут внести в это будущее.

«СМАРТ» школа на сегодняшний день является показателем качественного и эффективного подхода в образовании, который учитывает потребности учителей, школьников и их родителей. Но помимо безопасности и привлекательной и инновационной атмосферы в школьных стенах, необходимо уделить внимание именно самому образовательному процессу [3].

Современные школьники имеют дело с электронными учебниками, электронными журналами, онлайн-обучением, интерактивными досками. Наши школы только начинают открывать для себя мир новых технологий. Сегодня уже не вызывает возражений утверждение, что знание необходимо рассматривать как процесс, а не только как результат. Встает острая проблема поиска механизма перехода от репродуктивного, ориентированного на запоминание, типа обучения к продуктивному, развивающему, поисковому, и здесь роль СМАРТ-технологий становится ведущей и определяющей.

Таким образом, цель применения «умных» технологий заключается в том, чтобы сделать процесс обучения наиболее эффективным за счет переноса образовательного процесса в электронную среду. Именно такой подход позволит скопировать знания преподавателя и предоставить доступ к ним каждому желающему. Более того, это позволит расширить границы обучения, причем не только с точки зрения количества обучающихся, но и с точки зрения временных и пространственных показателей: обучение станет доступным везде и всегда.

Список использованных источников

1. Тоискин, В. С., Красильников, В. В. Информационные и коммуникационные технологии в образовании [Текст]: учеб. пособ. / В. С. Тоискин, В. В. Красильников. – Ставрополь: Изд-во СГПИ, 2008.
2. Кларин М.В. Инновационные модели обучения в зарубежных педагогических поисках. - М., 1994
3. Зарецкая С. Дистанционное обучение в современном мире /Серия: Социально-экономические проблемы стран Запада. М.: ИНИОН РАН, 2002

ӘОЖ 621.921

АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ҚҰРЫЛЫС САЛАЛАРЫНА БЕТОН ҚОСПАЛАРЫН ЖЕТКІЗУДІ ДАМУ ТҮРМАСЫ

Есентасов Бауржан Курманбекулы

k_nurlan99@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Н.К.Карбаев

Құрылыс жұмыстарын арзандату, олардың сапасын арттыру, құрылыс барысында еңбек шығындарын азайту, нысанды /объект/ тұрғызу уақытын қысқарту өнеркәсіптік құрылыс материалдарын индустрияландыруға тәуелді болып табылады, атап айтқанда бетон өндірісі, бетон және темірбетоннан жасалған дайын құрылыс жабдықтары/элементтерін/ мен бөлшектерін/компоненттерін/ барынша пайдалану.

Бетон және темірбетон өндірісін ұлғайту өндірістік процесті қарқынды, яғни бетон қоспаларын дайындайтын жаңа тиімділігі жоғары жабдықтарды құру, сонымен қатар осы жабдықтарды құрылыс нысандарына, бетондау блогына тікелей жеткізу және тарату арқылы


да жүзеге асырылуы тиіс.

Бетон қасиетін зерттеуге жыл сайын айтарлықтай жұмыстар жасалуда. Қасиеті құрамындағы материалдарға ғана емес, сонымен қатар дайындау технологиясына да байланысты бұл күрделі материал қазіргі заманғы құрылыста бірінші орынды алып тұр. Арнайы бетондардың барлық жаңа түрлері пайда болуда [1]. Бетон көптен бері тек конструкциялық материал ғана емес, сонымен қатар жылу - және гидроизоляция, кеңінен қолданылады, алу, ыстыққа төзімді, декоративті, радиацияға төзімді құрылымдар алу кезінде кеңінен пайдаланылады. Бұл ретте арнаулы мақсаттағы бетон және темір-бетон құрылымдарының бір мезгілде үлкен күш жүктемесін қабылдай алатыны маңызды.

Бетон қасиеттері туралы жинақталған ақпаратты мерзімді топтастыру құрылыстағы табысты техникалық прогресс /ілгерілеу/ үшін маңызды болып табылады. Тауарлық бетон өндіру көлемі Қазақстан Республикасында 2009 жылы 8 835 406 тоннаны құрады. 2008 жылғы көрсеткіштерімен салыстырғанда 8,8% аз (2008 жылы тауарлық бетон өндіру көлемі – 9 690 383 тонна). Қазақстанның өңірлері бойынша тауарлық бетон өндіру көлемі

1 Диаграммада ұсынылған.

Диаграмма 1 "Объем производства товарного бетона в РК по регионам в 2009 году (тонн)"



Экономиканың нарықтық қатынасқа көшуі, аудандардың рөлінің өсуі, кәсіпорындар дербестігінің кеңейуі жағдайында өндірушілер, дайындаушылар, тұтынушылар, мемлекеттік және жергілікті басқару органдары қарым-қатынасын өнімнің қажетті номенклатурасы мен сапасын, жұмыс және қызмет, және бірінші ретте олардың адам мен қоршаған ортаға қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінде мемлекеттік құқықтық реттеу қажеттігін орнатады [2].

Нарықтық экономика жағдайында тауар өндірушілері, сатушы – тапсырыс берушілер және тұтынушылар арасында жаңа қарым-қатынастар туындайды. Бұған кем дегенде нарықтың тауарлармен молығуы ықпал етеді. Тауарлармен молыққан нарықта орталық тұлға тұтынушы болады, ол енді бұрынғыдай өндірушілер және сатушылардың стандарт талаптарына сәйкес тауар сапасы туралы өтініштерімен қанағаттанбайды. Тұтынушыға тауардың белгілі бір сапа деңгейіне сәйкестігі туралы кепілді тәуелсіз тараптың растауы қажет. Мұндай растау сертификат – ерекше құжаты түрінде берілуі мүмкін.

Сертификаттау – бұл өнімнің белгілі талаптарға, нақты стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкестігін құжаттық растау. Өнімді сертификаттау – дайындаушы мен тұтынушыдан тәуелсіз ұйымның өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін жазбаша түрде куәландыру жолымен сәйкестікті растау рәсімі. Сәйкестік сертификаты – сертификатталатын өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін сертификаттау жүйесінің ережелері бойынша берілген құжат. Сәйкестікті сертификаттау – бұл сәйкестендіруші өнім, процесс немесе қызметтің нақты талаптарға немесе басқа нормативтік құжаттарға қажетті

сенімділігін қамтамасыз ететіндігін дәлелдейтін үшінші жақтың әрекеті. Өнімді сертификаттау ҚР СТ 3.4 және осы қағидалар талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Сертификаттау нысаны болып Қазақстан Республикасының тауар нарығында сатуға арналған құрылыс материалдары табылады, соның ішінде экспортқа шығарылатын тауарлар. Сертификация жүргізудің қажетті шарты сертификатталатын өнімнің функционалды пайдалануын қамтамасыз ететін сапа көрсеткіштеріне сәйкестігі болып табылады.

Құрылыс материалдарын өз еркімен сертификаттау өтініш берушінің бастамасы және стандарт талаптарына немесе басқа да нормативтік құжаттарға сәйкестігіне келісім-шарт шарттары бойынша жүргізіледі. Қазақстан Республикасына сертификат сәйкестігінсіз жеткізілетін импортталатын өнімдерді сертификаттау осы қағидалар талаптарына сәйкес жүргізіледі. Өнімдерді сертификаттау кезінде сертификаттау сызбасын таңдау өтініш берушінің мүддесі, келісім-шарт шарты, өнімнің нормативтік құжаттарын ескере отырып жүзеге асырылады. Өтінішке құжаттар көшірмелері қоса берілуі керек, өтінішті қарау барысында қабылданған шешімнің шығуын растайтын құжат өтініш берушіге жеткізіледі. Осы шешімнің негізінде сертификаттайтын орган мен өтініш беруші арасында жүргізілетін жұмыс туралы келісім-шарт жасалады. Өтініш бойынша теріс шешім қабылданған жағдайда ұсынылған өнімді сертификаттаудан бас тартудың дәлелді себептері көрсетіледі.

Біртекті өнімдердің тіркелген партиясынан алынған типтік үлгілер саны өтініштегі өнімнің нормативтік құжаттары талаптарына сәйкес болуы керек. Өнімді сәйкестендіру сәйкестік сертификатын беретін орган мынадай шарттар бойынша жүзеге асырады:

- өтініш берілген өнім;
- функцияналдық тағайындалуы (пайдаланылуы), жас тобы, өлшемі;
- қойылған өнімнің шығуын растайтын және ассортименті, сапасы мен саны туралы мәліметтерді құрайтын құжат;
- сол өнім дайындаушыға тиістілігі;

КПБ коды (бесінші белгіге дейін) және СЭҚ ТН (төртінші белгіге дейін), штрих кодтың визуалды оқылуы.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес сертификаттау тәртібі 2 суретте көрсетілген.

Сертификаттауға өтініш.
Өтініш беретін сертификаттау органын таңдау.

Үлгілерді іріктеу және тіркеу.
Үлгілерді сынау. Сынақ хаттамасын рәсімдеу.
Өнім сәйкестігін бағалау.

Хаттамада көрсетілген сынақ нәтижелерін сертификатаушы органда талдау.
--

Сертификат бойынша шешім.
Сәйкестік сертификатын немесе сертификат сәйкестігін беруден бас тартуын рәсімдеу.

Инспекциялық бақылау. Сәйкестік сертификатын (сәйкестік белгісі) дұрыс пайдаланылуын кезеңдік тексеру.
--

Сертификат егер біртекті өнімдер тобы құрамын талдап тексеру талап етілген жағдайда өзінің әрекеті таралатылатын нақты өнімнің тізімін құрайтын қосымшасы болуы мүмкін. Сертификат сәйкестігінің әрекет ету мерзімі таңдалған сызбаға байланысты 6 айдан бастап 3 жылға дейін бекітіледі. Сертификат сәйкестігін беруден бас тартқан жағдайда өтініш берушіге жазбаша негіздеу жіберіледі. Сертификат сәйкестігін беруден бас тартуға негіздеулер мынадай

- болуы мүмкін;
- сынақтың теріс нәтижелері;
- толық емес көлемдегі сынақ;
- сертификатау жұмысының ақысын төлеуден бас тарту.

Өнімдерді сәйкестендіруді сертификаттау органы мына сәйкестіктер бойынша жүзеге асырады;

- өтініш берілген атау;
- функцияналдық тағайындалуы (пайдаланылуы), жас тобы, өлшемі;
- қойылған өнімнің шығуын растайтын және ассортименті, сапасы мен саны туралы мәліметтерді құрайтын құжат;
- сол өнім дайындаушыға тиістілігі;
- КПБ коды (бесінші белгіге дейін) және СЭҚ ТН (төртінші белгіге дейін), штрих кодтың визуалды оқылуы.

Сертификат егер біртекті өнімдер тобы құрамын талдап тексеру талап етілген жағдайда өзінің әрекеті таралатылатын нақты өнімнің тізімін құрайтын қосымшасы болуы мүмкін.

Сертификат сәйкестігінің әрекет ету мерзімі таңдалған сызбаға байланысты 6 айдан 3 жылға дейін бекітіледі.

Сертификат сәйкестігін беруден бас тартуға негіздеулер мынадай болуы мүмкін;

- сынақтың теріс нәтижелері;
- толық емес көлемдегі сынақ;
- сертификатау жұмысының ақысын төлеуден бас тарту.

Автобетонараластырғыштардың жаңа моделінің экономикалық тиімділігін бағалау. Экономикалық тиімділік – бұл шаруашылық қызмет нәтижелері мен тірі және заттық еңбек шығындары, ресурстары арасындағы қатынас.

Түсім (сатылған өнімдер көлемі), табыс, кіріс көрсеткіштерінде фирма қызметінің құндық нысандағы пайдалы нәтижесі айқындалады. Оларды абсолюттік шамасы (тг./бірл. уақыт) болып табылатын экономикалық тиімділік көрсеткіштері деп атау қабылданған. Экономикалық әсерден /эффекттен/ экономикалық тиімділіктің айырмашылығы – саластырмалы шамасы. Оны экономикалық әсерді /эффект/ сол әсерді негіздеген шығынды қызмет нәтижелері ретінде салыстырып анықтауға болады. Көбінесе экономикалық тиімділік экономикалық әсер немен айқындалған және есептеу барысында қандай шығындар ескерілетініне байланысты экономикалық тиімділік коэффициентімен Е анықталады, экономикалық тиімділік коэффициенті басқаша да есептелінуі мүмкін, бірақ мәні сондай болып қалады. Экономикалық тиімділіктің ең көп таралған коэффициенті болып табыстылық / рентабельділігі/ көрсеткіші ρ (оның барлық түрлері) табылады. Экономикалық тиімділікті бағалау кәсіпорынның инвестициялық іскерлігін басқару негізіне жатады, өйткені инвестициялық жобаларды таңдау экономикалық тиімділік критерийлері мен оны сипаттайтын көрсеткіштер бойынша жүзеге асады. Экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеу барысында қысқа мерзімді (бір реттік мәміле) шешімнің экономикалық тиімділігін және бірнеше жылға жобаланған ұзақ мерзімді жобалардың экономикалық тиімділігін ажырата білген жөн. Кез келген іскерліктің адамдар әрқашан бағалауға ұмтылатын белгілі бір нәтижесі болады. Өндірістің дамуымен, әсіресе оның өнеркәсіптік ауқымдағы дамуы «аздың орнына көбірек, кем дегенде сондай пайда алуға» деген ұмтылысты бағалайтын ұйым экономикасының жеке байсалды құрылымдарын зерттеу ретінде - өндіріс тиімділігі концепциясының пайда болуын туындатты.

Қазіргі уақытта нәтиженің белгілі бір мақсатты қондырғылармен қатынасын өздігінше сипаттайтын түрлі терминдер қолданылады - нәтижелілік, мақсаттылық, үнемділік, өнімділік, пәрменділік.

Тиімділік –, ең алдымен қудаланған мақсаттағы жетістіктер дәрежесін айқындайтын басқарушылық сипаттағы әсерді және процесті сипаттайды, сондықтан тиімділік мақсатқа бағытталған өзара іс-қимылға ғана тән.

Сондай-ақ мыналарды да тиімділік деп түсінеді

- белгілі бір нақты нәтиже (бірнәрсе әрекетінің тиімділігі);
- жоспарлы, мінсіз және барыншы мүмкін болатын процестің немесе нәтиженің сәйкестігі;
- жүйенің функционалдық әртүрлілігі;
- функционалды қанағаттандырудың санды сипаттамасы;
- мақсатты қондырғылар мен функцияларды орындау мүмкіндігі;
- нақты әсердің талап етілген (нормативтік) әсерге қатынасы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Александров В.А. Прогнозирование научно-технического прогресса. М., 1979, 305с.
2. Янч Э. Прогнозирование научно-технического прогресса. М., Прогресс, 1983, 350 с.
3. Тимофеева М.М., Мандатов Н.М. Опыт прогнозирования и развития отрасли техники на основе статистической обработки патентов. М., Атомиздат, 1999, 260с.
4. Гмошинский В.Г. Инженерное прогнозирование. М., Энергоиздат, 1982, 207 с.
5. Прогнозирование технико-экономических параметров новой техники/ Дерзкий В.Г., Негай Т.А., Шкворец Ю.Ф., Щедрина Т.Н.: Под ред. Александрова В.П. Киев, Наукова Думка, 1982, 175с.

УДК 661.8

ТҰЗДЫ ЙОДТАУДЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Есмағамбет Ақнұр Дастанқызы

aknur9595@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – К.Ж. Киргизбаева

Ас тұзы, натрий хлориді, NaCl -39,4 % натрийден және 60 % хлордан тұратын түссіз, кристалды зат. Құнды өнім ретінде тұз наннан кейін екінші орын алады. Сондықтан тұтыну және әлеуметтік маңызды өнімдердің тізбесіне енгізілді. Сондай-ақ, тұз индустриясы өнеркәсіптің химия, мұнай және химия- энергетикалық салаларында, коммуналдық шаруашылық пен мал шаруашылығында стратегиялық шикізат болып табылады. Сондықтан да тұз өнімінің сапасы маңызды және өзекті мәселе боп табылады. Ас тұзы жалпы төмендегідей болып бөлінеді: *өндірілу тәсілі бойынша* - бұрғылап алу, тас түрінде, түзілмелі және өзі түзілетін; *өңдеу тәсілі бойынша* – қосымшамен және қосымшасыз; *сапасы бойынша* – экстра, жоғарғы, бірінші және екінші сорттар; *түйіршіктелген (гранулометрикалық) құрамы бойынша* - № 0, № 1, № 2, № 3 ұнтақ күйіндегі және «экстра» сорттары үшін бөлшектердің үлкенді-кішілігіне сәйкес [3]. Хлорлы натрий тек тағамның дәмдік қасиеттерін өзгертіп қана қоймай, сонымен қатар адам организмі үшін үлкен физиологиялық мәнге ие: ол қан, лимфа, жасушалық протоплазма үшін өте қажет компонент болып табылады, және жасушалардағы осмотикалық қысымды негізгі реттеушілердің бірі болып қызмет атқарады, сулы-тұзды алмасуды реттейді және қышқылды-сілтілік тепе-теңдікті сақтайды, асқазан секрециясы процессіндегі тұздық қышқылды тудырушы көз боп табылады [1].

Сонымен қатар бұл өнім біздің елімізде жаппай йодтық профилактикалау көзі боп табылады. Австрия, Швейцария және Норвегия елдерінде йодты ірімшік, ет өнімдеріне қосады, ал Голландия-нанға. Ал Америкада тауыққа арналған жемді йодтайды, осылайша бір америкалық жұмыртқа бұл микроэлементке деген адамның бір тәуліктік қажеттілігін өтей алады. Ал біздің елде йод дефицитін алдын-алу үшін «Йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 14-қазандағы N 489 Заңына сәйкес өте кең таралған йодталған тұз өнімі қолданылады. Йодталған тұз арқылы йодтық профилактика бағасы арзан әрі артық шығындар әкелмей тұтынушының өзімен төленеді [2].

Көптеген елдер йодтау программасын дайындау мен жетілдіру облысында